



КОНКУРС «Астана и Президент»

Нұржігітова Ғалия,

школа-гимназия №8, ученица 9 класса

Қазақстан-Еуразия құрлығындағы мемлекет. Қазақстан-1995жылғы 30тамыздағы референдумда қабылданған Конституция бойынша-өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды.Қазақстан Республикасы-президенттік басқару нысанындағы мемлекет.Осындай мемлекеттің,яғни Қазақстан Республикасының астанасы- АСТАНА.

Астана 1998жылдың бамырына дейін-Ақмола деп аталып келді.Астана-Қазақстан Республикасы Президентінің 1997жылғы 20қазанындағы Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Парламентінің мақұлдауымен 1997жылғы 10желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды.Қазақстанның жаңа елордасы-Астананың халықаралық тұсаукесері 1998жыл өткізілді.

«Астана-мәдениет,өркениет ошағы» . Астанаға барып көргенде бар, көрмегенде бар. Бірақ Астанаға барған адамдар менің сөзімді құптайтынына кәміл сенемін. Астана менің ақындық өнерімнің ашылуына септігін тигізді деп те ойлаймын.Астанадан ерекше сезімге бөленіп,серпіліспен оралдым. Үйге келіп,қолыма қалам алып ең алғашқы өлең шумақтарымды жаздым.

АСТАНА-БАС ҚАЛА

Астана-бас қала

Жайнай бер жас қала

Балаңмын мен сенің

Жайдары-Астана

[Введите текст]

Астана жас қала

Дамушы бас қала

Егемен елімнің

Куәсі Астана,-деген өзімнің жан жүрегімнен шыққан өлең шумақтарын жаздым.Бұл әрине бір өлең жаздым енді ақын болып кеттім деп мақтануға келмейді,сонда да сіздерге менің жүрегімнен Астана ерекше орын алып,маған ерекше сарын беріп,болашаққа жаңаша көзбен қарауды үйреткенін жеткізгім келеді.

Астананың көркемде сұлу жерін,көшелерін,зәулім-зәулім ғимараттарын сөзбен жеткізу өте қиын.Астана қаласында Президент сарайы,Парламент ғимараты,Жастар сарайы,көп қабатты жаңа үйлер мен ғимараттар бар.Парламент үйінің алдында Төлн би,Қазбек би,Әйтеке бидің ескерткіштері орнатылған.Мұндағы салынып жатқан құрылыстар алыстан көз тартады.Бәйтерек ғимараты Астана тұрғындарын,жақын,алыс шетелдерден келген қонақтарды таң қалдырады.Астананың болашағы әлі алда.Ол Еуразиядағы ең әсем,сұлу,әйгілі қала болмақ.Егемен ел-тәуелсіз мемлектіміздің санаулы жылдардың ішінде әлем таныған іргелі елдің қатарына қосылуы саяси істегі ұтымды іскерліктің,төгілген маңдай тердің қарымтасы екені даусыз.Астанаға барғандар тамсанбай,таңырқамай кете алмайды.

Қазақстан Республикасының Президенті-Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев-Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.Нұрсұлтан Назарбаев-1940жылы шілденің 6 Алматы облысы Қаскелең ауданы Шамалған ауылында дүниеге келген.Президенттің еліміз бен халқымыздың алдында сіңірген еңбегі орасан зор.Оның басшылығы кезенде халқымыз азаттық алып,Қазақстан егемендікке,сосын тәуелсіздікке қол жеткізді.Мен Нұрсұлтан Әбішұлына қарап отырып қиындыққа төзе білуді,алға мақсат қойып,оған жетуді үйрендім.

Біздің президентіміз Қазақстанның әл-ауқатымен,ел экономикасын жақсартып,елдің тыныштығын сақтаудағы істері орасан зор.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының көрегендігі,біліктілігі мен ұйымдастырушылық тума таланты Қазақстан мемлектінің гүлденіп,өркендеуіне жол шқанына Астана қаласының көрік-келбеті айғақ.

[Введите текст]

Президенттің басшылығымен еліміздегі экономикалық жүйені түбегейлі реформалау, нарықтық экономикаға көшу жүзеге асырылуда. осының бәрі біздің елдің дамуының алғышарттары.

Қорытындылай келгенде; мен осындай елде туып өсіп келе жатқанымға мақтанамын. Келешекте мен де Қазақстан дамуына өзімнің үлесімді қосамын. Саған қызмет етемін, гүлденуіңе көмек беремін туған елім Қазақстан!